

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ  
Акушерия және гинекология курсымен АМСЖ кафедрасы

## ПРЕЗЕНТАЦИЯ

**Тақырыбы:** Созылмалы улану, кәсіби және тұрмыстық аурулар

Орындаған: Еркінбекова С.М.  
Тобы: 202 «Б» МПД  
Қабылдаған: Сырманова З.К.

Шымкент, 2017 жыл

## Қысқартылған сөздер

ҚР – Қазақстан Республикасы

ШРШ- Шекті рауалы шығарынды

ШРТ- Шекті рауалы төгінді

ОЖЖ- Орталық жүйке жүйесі

# Жоспар

## I Кіріспе

## II Негізгі бөлім

1 Созылмалы уланудың алғашқы белгілері

1.1 Сынаппен улану

1.2 Бензолмен улану

2 Кәсіби аурулар және олардың жіктелуі

3 Қ.Р мен шетел кәсіпорындарындағы кәсіби аурулардың жағдайы

4 Кәсіби аурулардың әлеуметтік маңызы

5 Кәсіби аурулардың туындау көздері, зиянды және қауіпті факторлар

6 Тұрмыстық аурулар

7 Тұрмыстық жарақаттың алдын алу бойынша қауіпсіздік түрлері

## III Қорытынды

## IV Пайдаланған әдебиеттер тізімі

## Кіріспе

Бұл презентацияда жұмыс істейтін халықтың денсаулығы – бұл елдің стратегиялық мәселесі және ұлттық қауіпсіздік факторы. Мемлекеттің экономикалық жағынан өсуі ондағы халықтың денсаулығын нығайтумен қатар жүргізілуі тиіс. Кәсіби аурулар кәсіпорындардағы санитарлық-гигиеналық ережелердің дұрыс орындалмауынан, шу, діріл, тағы басқа әсерінен пайда болады. Мысалы, шаң-тозаңы көп жерде жұмыс істеген адамның өкпесі пневмокониозға (өкпені шаң басу), ал радиоактивті препараттармен жұмыс істейтіндер сәуле ауруына шалдығады.

Кәсіби ауруға шалдығудың негізгі себептерінің бірі – адамға ол еңбек қызметі кезінде кез болатын зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер етуі .


Бұл презентация 23 слайд, 6 сурет, 9 әдебиет көздерінен тұрады.

# 1 Созылмалы уланудың алғашқы белгілері

Уланудың бұл түріне ең алдымен сүйек милық қан түзудің зақымдалуы тән. Жүйке жүйесінің бұзылыстары көбіне гематологиялық жылжулар түрінде туындайды, олар жиі сүйек миының өзгерістерінің алдын болуы мүмкін. Созылмалы улану әдетте науқас үшін байқаусыз, баяу дамиды және оны қанға мақсатты бағытталған зерттеулер өткізумен мұқият тексеру кезінде ғана сырқаттың алғашқы белгісін табуға болады.

Уланудың бастапқы кезінде-ақ жалпы әлсіздік, тез шаршау, анықталмаған локализациялы бас ауруы, айналуы, ұйқының бұзылуы, тітіркенгіштік, мазасыздық болуы мүмкін. Бір уақытта жекелеген науқастарда эпигастралді аймағының аурулары, диспепсиялық бұзылыстар, тәбеттің жоғалуы, қыжылдау, жүрек айнуы, құсу пайда болады. Бұл шағымдардың болуын орталық реттеу бұзылысының белгілері бар астеноневротикалық жағдайдың дамуымен түсіндіруге болады. [2]

Туберкулез ауруының 2 санат бойынша емін бақылау  
(№ 7 схема)



1 – сурет

# Улану көздері



 MyShared

Тағаммен улану [4]

## 1.1 Сынаппен улану

Сынаптың буымен уланғанда алдыңғы орынға тыныс алу жолдарының зақымдалу симптомдары шығады. Сынап буымен тыныс алғаннан соң бірнеше сағаттан кейін ауыр пневмония басталады: жөтелдің пайда болуы, ентігу, көгерулар, қызба және т.б. Рентгенограммаалық зерттеуде эмфизема, ателектаз, пневмоторакс анықталады. Интоксикацияның ауыр ағымында өкпе ісінуі болуы мүмкін. Дәл осы уақытта жиі сұйық нәжіс және ОЖЖ ұйқышылдық, қозғыштық, барлық уақытта зақымдалу симптомдары байқалады. Сынаппен улану кезінде уақыт өте келе дамып, созылмалы сипатқа ие болады. Құрамында гранозаны бар аспен қоректенгеннен кейін 1-3 аптадан соң біріншілік интоксикация симптомдары көріне бастайды. Тәбеттің болмауы, жүрек айнуы, құсу, шөлдеу, диарея, полиурия; сонымен қатар жалпы әлсіздік, ұйқышылдық, бастың ауыруы, қол- аяқтың қалтырауы, жүрістің бұзылуы. Интоксикация жоғарылай келе ОЖЖ-ның зақымдалуы бірінші орынға шығады.



## 1.2 Бензолмен улану

Ароматты көмірсутектері: бензол, оның гомологтары және туындылары, сонымен ішінде галогенді, нитро және амин қосылыстары өндірістің әртүрлі саласында кеңінен қолданылады. Көбінесе олар синтетикалық талшық және каучук өндіруге, нисекцид, атылатын заттар дайындау үшін лак және сыр ерітінділері түрінде қолданылады. Ароматты көмірсудың жүйе және мүшелерге токсикалық әсері химиялық құрылымына және бензол сақинасындағы топтар мен элементтерге де байланысты мынадай: бензол және оның гомологтары өздерінің токсикалық әсері бойынша улы заттарға жатуына болады. Процессті тежейтін қан түзу. Бензолдың галоген туындылары - көздің шырышты қабатының және тыныс жолдарының бірден тітіркенуін тудырады[3]



## Бензолмен улану(жалгасы)

Бензолдың амин және нитроқосылыстарының ішінде метоглобин түзілуіне, эритроцит гемолизіне. Бауыр зақымдануына, катаракта дамуына, ісік түзілуіне алып келетін заттар бар. Мұнда клиникалық көрінісінде сүйек миының жағдайының дамуына негізделген, қан өзгерістері тән ароматты көмірсумен улану қарастырылады. Өндірістік жағдайларда бензол және оның қосылыстарының адам организміне өкпе және зақымданбаған тері арқылы бу түрінде енуі мүмкін. Бензолдың әсерінен жедел немесе созылмалы улану дамиды. Созылмалы улану - ұзақ уақыт бензол буын жұтқанда және теріге жүйелі түрде түскенде дамиды. Созылмалы бензолмен улануы бар науқасқа толықтық тән, олардың тері май қабаты әдетте шамадан тыс айқын. Сүйектің перкуссиясы кезінде ауырсыну байқалады.

## Уланудың негізгі себептері

**Уланудың себептері.** Бактериялар және басқа да тағамдық жұқпа қоздырғыштары әр түрлі себептермен тағам өнімдеріне түседі, мәселен олар өнімді сатып алып жатқан кезде де сонда болуы мүмкін. Пластикке оралған өнімдердің өзі зақымдалуы ықтимал. Сатушылардың лас қолдары немесе өнімдер жатқан ыдыстардың таза болмауы жұқпаның негізгі көзі болуы мүмкін. Жеткілікті түрде термиялық өңдеуден өтпеген (шикі немесе жартылай шикі) сонымен бірге тоңазытқышта немесе бөлме температурасында ұзақ уақыт бойы сақталынатын тағамдар қауіпті.

2 – сурет



Микробты улану. Сальмонелла. Шигелла. Ішек таяқшалары[6]



- **Созылмалы уланулар** - органдар мен жүйелерде тұрақты патологиялық өзгерістер тудыратын улы заттардың аз мөлшерде организмге көп рет түсу салдарынан дамиды.

## 2 Кәсіби аурулар және олардың жіктелуі

Кәсіби аурулар – белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен болатын кесел. Бұл бірден немесе ұзақ уақыт бойы организмге зиянды еңбек жағдайының әсер етуі нәтижесінде жұмысшылардың денсаулығына келтірілген қауіп болып табылады. Олар адам организмiне кәсіби зияндылықтардың әсер етуiнен пайда болады.

Кәсіби аурулар жіктелулері толық жасалмаған, себебі олардың клиникалық көріністері көп формалы болып келеді және көптеген ағзалар мен жүйелердің өзгерістерімен сипатталады. Алайда кейбір кәсіби аурулар түрлерінде басым зақымданатын ағзалар мен жүйелері болады, мысалы тыныс, қан, жүйке, тірек-қимыл аппараты, есту мен көру ағзалары, т.б.

Дегенмен, кәсіби аурулардың жіктелулері толық жасалмаса да, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы кәсіби ауруларды этиологиялық белгісі бойынша 7 топқа жүйелейді: химиялық факторлар әсері; өнеркәсіптік аэрозольдер әсері; физикалық факторлар әсері; жеке органдар мен жүйелер зорығуы мен физикалық жүктемеге байланысты; биологиялық факторлар әсері; аллергиялық аурулар; жаңа түзілімдер.



Кәсіби ауруларды этиологиялық белгісі [7]

### 3 Қазақстан Республикасы мен шетел

#### кәсіпорындарындағы кәсіби аурулардың жағдайы

Жұмыс істейтін халықтың денсаулығы – бұл елдің стратегиялық мәселесі және ұлттық қауіпсіздік факторы. Мемлекеттің экономикалық жағынан өсуі ондағы халықтың денсаулығын нығайтумен қатар жүргізілуі тиіс. Мұнымен бірге бір жағынан, мемлекет рөлі, екінші жағынан – жұмыс беруші тарапынан жауапкершілікті түсінудің күшейтілуі тиіс. Елдің әлеуметтік саясатындағы негізгі міндеттердің бірі халықтың кәсіби денсаулығы мен кәсіби ұзақ жылдылығын сақтау болып табылады .

Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығының мәліметтері бойынша 2005 жылы республикада кәсіби аурулардың 440 оқиғасы, 2006 жылы 487 оқиғасы, 2007 жылы 545 оқиғасы тіркелсе, 2008 жылы 549 оқиға тіркелді. 2009 жылы бұл көрсеткіш 635-ке жетіп, ең жоғарғы көрсеткіштер Қарағанды (326) және Шығыс Қазақстан облыстарының (263 оқиға) еншісінде . Бұл аудандарда Қазақстан Республикасындағы тау-кен, көмір өнеркәсіптерінің үлесі жоғары болғандықтан, кәсіби аурулардың көрсеткіштері де жоғары болып отыр.



## 4 сурет



Кәсіби аурулар түрлерінде басым зақымданатын ағзалар[8]

## 4 Кәсіби аурулардың әлеуметтік маңызы

Кәсіби аурулардың басқа негізгі ауруларға қарағанда сирек талданатындығы анық. Дегенмен олардың әлеуметтік маңызы зор. Өйткені олар еңбекке жарамды жастағы адамдардың денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді және еңбекке жарамдылықты жоғалтуға әкеп соқтырады. Сондықтан дамып келе жатқан мемлекетіміздің одан әрі гүлденуіне үлес қосу үшін мамандарымыздың денсаулығына көп көңіл бөлінуі тиіс.

Кәсіби ауруға шалдығудың негізгі себептерінің бірі – адамға ол еңбек қызметі кезінде кез болатын зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер етуі. Сонымен қатар тұрақты дәрігерлік комиссияда қызмет ететін кәсіби дәрігерлердің және белгілі бір сала дәрігерлерінің біліктілік деңгейінің төмендігі, медицина мекемелерінің бәрінің бірдей толығымен диагностикалық жабдықтармен жабдықталмауы. Айтарлықтай себептің бірі – медициналық мекемелердің өнеркәсіп кәсіпорындары жетегінде кетуі. Өйткені жұмыс беруші келісім-шарт жасаған кезде: егер кәсіби сырқаттарды анықтайтын болсаңыз, сізбен келісім-шарт күшін жояды деп ескертеді.

## **Кәсіби аурулардың әлеуметтік маңызы (жалғасы)**

1 Химиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар: өткір және созылмалы интоксикациялар, тері аурулары.

2 Өнеркәсіптік аэрозольдердің әсерінен туындайтын аурулар: пневмокониоз, силикоз, биссиноз, кәсіби бронхит, эмфизема, жоғарғы тыныс алу жолдарының күрт дистрофикалық аурулары.

3 Физикалық факторлардың әсерінен туындайтын аурулар: вибрациялық ауру, иондайтын және иондамайтын сәулелену, лазерлік сәулелену, нейросенсорлық кереңдік, электроофтальмия, катаракта, декомпрессионалдық ауру және оның салдары, қызу, тоңазу т.б.

4 Жеке органдар мен жүйелердің зорығуы және физикалық жүктемеге байланысты аурулар: невроздар, радикулиттер, тірек қимыл аппаратының аурулары және т.б.

## **Кәсіби аурулардың әлеуметтік маңызы (жалғасы)**

5 Биологиялық факторларының әсерінен туындайтын аурулар: инфекциялық және паразиттік аурулар, жұмыс кезінде жұмысшылардың байланыста болатын инфекция біртектілері (туберкулез, вирусты гепатит, қышыма, сифилис және т.б.), терінің ашық бөліктерінің микоздары (саңырауқұлақ тудыратын аурулар), дисбактериоз.

6 Аллергиялық аурулар: конъюнктивит, ринит, экзема, бронхиалдық астма және т.б.

7 Жаңа түзілімдер: тері, ауыз қуысы, тыныс алу мүшелерінің ісіктері, бауыр ісігі, асқазан рагы, лейкоз(қан рагы), сүйек ісіктері.



Ұзақ мерзім әсер ету нәтижесінде пайда болған кәсіби ауру [8]

## 5 Кәсіби аурулардың туындау көздері, зиянды және қауіпті факторлар

Кәсіби ауруға шалдығудың негізгі себептерінің бірі – адамға ол еңбек қызметі кезінде кез болатын зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер етуі .

Зиянды өндірістік фактор – белгілі бір қызметкерге әсері кәсіби ауруға әкелуі немесе денсаулығында басқа да ауытқушылық тудыруы мүмкін еңбек процесінің факторы.

Қауіпті және зиянды факторлардың физикалық тобы мынадай топтарға бөлінеді: қозғалмалы машиналар және механизмдер; қозғалмалы өндірістік құралдардың элементтері; жылжымалы өнім, дайындама, материалдар; жұмыс аймағы ауасында шаң мен газдың жоғарылауы; құрал-жабдықтар мен материалдардың үстіңгі қабаты температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі; жұмыс аймағындағы ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі; жұмыс орнындағы шудың, дірілдің жоғары деңгейі; инфрадыбыс тербелісінің жоғары деңгейі; ультрадыбыстың жоғары деңгейі; статистикалық электрдегі деңгейдің, электромагниттік деңгейдің жоғарылауы және т.б.[1]



Жұмыс орнындағы шудың, дірілдің жоғары деңгейіндегі кәсіптік ауру[9]

## 6 ТҰРМЫСТЫҚ АУРУЛАР

Жоғарыда аталған симптомдар қорғасынмен кәсиби емес жағдайларда, тұрмыста да болулары мүмкін. Тұрмыстық уланулар көбінесе шаруашылықта қыш-құмыраны қолдан жасағанда дамиды. Қорғасын глазурдың құрамына кіреді де, ол құмыраның өң бойын жабады. Құмыраларды қолдан жасағанда, оларды ұстап-қақтау үшін 1200 градустай температура қажет, ал оң қолдан жасағанда тудыруға мүмкіндік жоқта, температура мақсаты деңгейге жетпей, қорғасын кремний қышқылымен қосылмай, бос күйінде қалып, бұйымдарда сұйық тағамдарды сақтағанда, әсіресе шарап, ашытқы, қышқылдандырылған көкөністерді – қорғасын сұйық ерітіндісіне ауысады да, ол тағамдарды ішіп-жегенде улануға шалдықтырады.[3]



## **7 Тұрмыстық жарақаттың алдын алу бойынша қауіпсіздік түрлері:**

- отпен ойнамау
- электр тоғымен ойнамау
- лас қолмен тамақ ішпеу
- өткір кесуші шанышқы заттармен ойнамау
- құрылыс алаңдарында ойнамау
- ашық терезелер мен балкондардан сыртқа еңкеймеу
- бейтаныс сұйықтар мен дәрілерді ішпеу
- лифт кабинасында ойнамау және т.б

## *Қорытынды*

Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан , әр адам өз денсаулығына көңіл бөлу қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру қажет. Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз. Әр адам өзінің денсаулығының нашарлауына өзі кінәлі. Сондықтан, әр адам салауатты өмір салтын ұстану керек. Дене тәрбиесімен де, ой тәрбиесімен де айналысу қажет.

Тақырыбыма сай айта кететін болсам, әр кәсіптік аурулардың өзіндік бір ерекше зиянды әсері болады. Осы зиянды әсерлерден сақтану үшін, техникалық қауіпсіздікті, жеке бас тазалығын, жалпы жұмыс ережесін сақтауымыз қажет.

## Пайдаланған әдебиеттер

### Негізгі:

1. «Тіршілік қауіпсіздігі» курсы бойынша жоғары оқу орындары студенттеріне арналған. Оқу құралы. I кітап Алматы, 2003ж. 240бет (13-18 б)
2. «Тіршілік қауіпсіздігі негіздер » Е.Н.Нәбиев, Астана,2012ж.

### Қосымша:

3. «Тіршілік қауіпсіздігі» I кітап, А.А. Суровцев, Е.Н. Мельников, С.В.Малеваный, Н.М. Медведов,С.Д.Шарипханов,С.К.Хурсантов, Алмата,2003 жыл.

### Электронды ресурстар:

4. <kh-jhf content="/images/branding/googleg/1x/googleg\_standard\_color\_128dp.png" itemprop="image"><LINK href="/images/branding/product/ico/googleg\_lodp.ico" rel="shortcut icon"><TITLE>азаматтық қорғаныс - Поиск в Google</TITLE>
- 5.href="/images/branding/product/ico/googleg\_lodp.ico"rel="shortcuticon"><title>азаматтық қорғаныс - Поиск в Google</title><script>(function()
6. !DOCTYPE html><html class="i-ua\_js\_no i-ua\_css\_standard" lang="ru"><head><meta charset="utf-7"/><meta http-equiv="
8. <!DOCTYPE html><html class="i-ua\_js\_no i-ua\_css\_standard" lang="ru"><head><meta charset="utf-"/><meta http-equiv="X-UA-Compatible"
9. "IE=edge"/><title>Яндекс.Картинки</title><script>;(function(d,e,c,r){e=d.documentElement;